

**Жуалы ауданында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидаларын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Жамбыл облыстық мәслихатының 2017 жылғы 6 қазандағы № 15-7 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 27 қазанда № 3563 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облыстық мәслихатының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 52-8 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облыстық мәслихатының 11.12.2020 № 52-8 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі). Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 2-2 тармағына сәйкес Жамбыл облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Жуалы ауданында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жамбыл облыстық мәслихаттың агроөнеркәсіпті дамыту, экология және табиғатты пайдалану мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың  
сессия төрағасы  
А. Нұржанов

Облыстық мәслихаттың  
хатшысы  
Б. Қарашолақов

Жамбыл облыстық мәслихатының 2017 жылғы "6" қазандағы "Жуалы ауданында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидаларын бекіту туралы" №15-7 шешіміне келісім парағы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Ауыл

шаруашылығы министрлігі  
Ветеринариялық бақылау және  
қадағалау комитетінің Жамбыл  
облыстық аумақтық инспекциясының  
басшысы

С.Н.Солтанбеков

6 қазан 2017 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Денсаулық  
сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық  
сақтау комитетінің Жамбыл облысы  
қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің  
басшысы

Б.К.Жаркынбеков

6 қазан 2017 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының Ішкі істер  
министрлігі Жамбыл облысының Ішкі істер  
департаментінің басшысы

Т.С.Мәткенов

6 қазан 2017 жыл

Жамбыл облыстық мәслихатының  
2017 жылғы "6" қазандағы  
№ 15-7 шешімімен бекітілген

## **Жуалы ауданында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Жуалы ауданында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидалар Жуалы ауданында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою тәртібін белгілейді

3. Осы Қағидалар иттер мен мысықтардың барлық иелеріне, меншік түрлеріне қарамастан жеке және заңды тұлғаларға қолданылады.

4. Осы Қағидаларда келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) иттер мен мысықтардың иесі – жеке меншігінде немесе меншіктің басқа түрінде иттер және мысықтарға иелік етуші жеке немесе заңды тұлға;

2) жетелеуші ит - көру қабілеттілігі бойынша мүгедектігі бар адамның белгілі маршруттар бойынша дұрыс және қауіпсіз жүруін қамтамасыз ете алатын арнайы дайындық барысында үйретілген ит;

3) иттерді және мысықтарды асырау – иттер мен мысықтардың иелерімен ветеринариялық-санитариялық нормаларды сақтай отырып, иттердің және мысықтардың толыққанды тіршілік қарекетін қамтамасыз ету үшін іске асырылатын әрекеттер;

4) қаңғыбас иттер мен мысықтар - тіркелмеген, иесін анықтау мүмкін емес, иесінен қалып қойған не болмаса қашып кеткен, иесі немесе жауапты адам тарапынан қараусыз жүрген иттер мен мысықтар;

5) қоғамдық орындар – адамдар көп жиналған немесе көп жиналуы мүмкін орындар, оның ішінде бақтар, саябақтар және одан басқа азаматтардың демалыс орындары, жаға жайлар, стадиондар;

6) иттер мен мысықтарды серуендету – иттер мен мысықтардың тұрған жайдан сырт жерде немесе арнайы қарастырылған аумақта болуы.

7) ветеринариялық ұйым – ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын ауданның жергілікті атқарушы органы құрған, ауылдық округтерде оқшау бөлімшелері бар мемлекеттік ветеринариялық мекеме.

## **2. Иттер мен мысықтарды асырау**

5. Иттерді және мысықтарды көп пәтерлі тұрғын үйлердің ортақ пайдаланылатын орындарында (кіреберістерде, баспалдақтарда, баспалдақ алаңдарында, лифтілерде, жертөлелерде, шатыр астыларында, үйлердің төбелерінде), сондай-ақ осындай үйлердің жанындағы аумақтарда асырауға жол берілмейді.

6. Жеке тұрғын үйлер, жеке құрылыстар аумақтарында иттердің қашып кетуін, адамдарға және жануарларға шабуыл жасауын болдырмайтын жағдайларда иттерді оқшау аумақта және (немесе) байлап асырау қажет. Егер аумақты ит күзететін болса, иттің аумақта бар екендігі туралы аумаққа кіреберістегі иттің бейнесі салынған, "Абайлаңыз қабаған ит!" деген жазба жазылған ескерту тақташасымен хабарланады.

7. Иттер мен мысықтарды асыраған кезде иелері төмендегі талаптарды орындауға міндетті:

1) иттер мен мысықтарды аудандардың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарда тіркеуге қою;

2) иттер мен мысықтардың оларды асырап отырған орыннан өз еркімен шығып кетуіне жол бермеу;

3) иттер мен мысықтардың айналасындағыларды мазалауға әкеліп соқпайтын және қауіп төндірмейтін жүрісін қамтамасыз ету;

4) иттер мен мысықтардың тарапынан тұрғын үй-жайларда даңғырды болмдырмау;

5) иттер мен мысықтардың нәжісімен және өзге де тіршілік әрекет ету өнімдерімен көп пәтерлі тұрғын үйлердің ортақ пайдаланылатын орындарының (кіреберістердің, баспалдақтардың, баспалдақ алаңдарының, жертөлелердің, шатыр астыларының, үйлердің төбелерінің), балалар алаңдарының, жолдардың, жаяусоқпақтардың, шағын гүлбақтардың, демалыс аумақтарының ластануына жол бермеу, ал ластаған жағдайда ластанған орынды жедел тазалау;

6) иттер мен мысықтарды зоотехникалық, зоогигиеналық және ветеринариялық-санитарлық талаптарға сәйкес асырау, қоғамдық қауіпсіздік талаптарының сақталуын қамтамасыз ету;

7) иттер мен мысықтарды олардың биологиялық қажеттіліктеріне сай асырау, оларға адамгершілікпен қарау, қараусыз қалдырмау, оларға қажетті көлемде тамақ пен ішетін су беру, қатал ұсталуына жол бермеу;

8) ауданның жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар мамандарының талабы бойынша иттер мен мысықтарды бақылау үшін, диагностикалық зерттеу және емдеу, алдын-алу шараларын жүргізу үшін бөгетсіз беру;

9) иттер мен мысықтарды жыл сайын екі айлық жасынан бастап ауданның жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға байқау және құтырма мен басқа да инфекциялық, паразитарлық ауруларға қарсы егу үшін әкелу;

10) жүйелі түрде, тоқсанына бір реттен кем емес иттер мен мысықтарды тері паразиттеріне және гельминттерге қарсы профилактикалық өңдеу жүргізу;

11) иттер мен мысықтардың ауыруының барлық жағдайларында немесе ауруға күдікті болғанда дереу ауданның жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарына хабарлау, зерттеудің қорытындылары бойынша мамандардың ұсыныстарын мүлтіксіз орындау;

12) иттер мен мысықтардың белгісіз себептермен өліп қалған жағдайларында немесе құтыру ауруына шалдығуға ұқсас белгілері болғанда дереу ауданның жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарына хабарлау және оларды ветеринариялық қызмет мамандарының келуіне дейін оқшаулау;

13) иттер мен мысықтардың адамдарды сілекейлеу, тырнап алу, тістеу жағдайлары туралы, ауданның жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарына және тиісті денсаулық сақтау мекемелеріне дереу хабарлау;

14) ит немесе мысықтан жарақат алған тұлғаға өзі туралы толық деректерді дереу беру (фамилиясы, аты, әкесінің аты, тұрғылықты мекен жайы);

15) иттер мен мысықтарды одан әрі асырауға мүмкіндік болмаған жағдайда оны басқа тұлғаға, жануарларды қорғау ұйымына беру немесе ауданның жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарына хабарлау;

16) иттер мен мысықтардың өліктерін алып кетуін ұйымдастыру мақсатында ауданның жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарына дереу хабарлау және олардың есептен шығарылуын қамтамасыз ету.

3. Иттер мен мысықтарды серуендету

8. Иттер мен мысықтардың иелері келесі талаптарды сақтауға міндетті:

1) иттерді асырау орындарынан тұмылдырықта және қысқа (1,5 метрге дейін) мойын жіппен айналасындағыларға мазасыздық, кедергілер келтірмейтіндей етіп ертіп жүруге және серуенге шығаруға рұқсат етіледі.

Айналадағы адамдардың және жануарлардың қауіпсіздігі қамтамасыз етілу шартымен иттердің үш айға дейінгі күшіктерін және анатомиялық ерекшеліктері тұмылдырық киюге келмейтін декоративтік тұқымды иттерді тұмылдырықсыз серуендетуге болады;

2) иттерді тұмылдырықсыз және мойын жіпсіз тек қоршалған аумақтарда, жаттықтыру алаңдарында және жергілікті атқарушы органдарымен, пәтер иелерінің кооперативтерімен қаралған еркін серуен алаңдарында алып жүруге жол беріледі;

3) иттердің иелері әрдайым иттің мойнында иттің лақап аты, түрі, иесінің мекен-жайы мен телефондары көрсетілген нөмірлі жетон бекітілген қарғыбау тағуға міндетті. Иесінің қалауы бойынша нөмірлі жетонда итке қатысты басқа да мәлімет көрсетілуі мүмкін;

және иттің өлуін болдырмау үшін оларды қысқа мойын жіпке алуға міндетті;

5) серуендетіліп жүрген иттер немесе мысықтар адамды қауып алған немесе тырнап алған жағдайда тиісті дәрігерлік көмек шақыру жөніндегі шараларды қабылдауға міндетті;

6) иттер мен мысықтарды тұрғын үйлердің маңында серуендету кезінде 23.00. мен 07.00. сағат аралығында тыныштықтың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті

;

7) иттер мен (немесе) мысықтармен қоғамдық орындар ластанған жағдайда нәжісті және олардың өзге де тіршілік әрекет ету өнімдерін дереу алып тастауға міндетті.

9. Иттерді тұмылдырықтарда және қысқа мойын жіптерде, өздігінен шешіліп кетуін болдырмайтын, иелері ғимараттардың ішінде уақытша болған мерзімге, егер де иттер басқа тұлғаларға қауіп төнгізбейтін, қоғамдық тәртіпті бұзбайтын, қозғалысқа және өзіне зиян келмейтіндей жағдайда байлаулы қалдыруға болады. Сонымен бірге иттер адамдардың және автокөліктердің өтуіне кедергі болмауы керек

10. Мыналарға:

1) құтырма ауруына қарсы егілмеген және паразитарлық ауруларға (эхинококкоз және токсоплазмоз) тексерілмеген иттер мен мысықтарды серуендетуге;

2) иттер мен мысықтарды рұқсат етілген немесе осы мақсаттарда арнайы бөлінген орындардан басқа, балалардың аулалық алаңдарында, спорт алаңдарында, мектепке дейінгі және оқу орындарының, емделу мекемелерінің аумақтарында, саябақтарда және тұрғындар жаппай демалатын өзге де орындарда, тыйым салатын белгілер орнатылған орындарда серуендетуге;

3) иттермен және мысықтармен (көру қабілеттілігі бойынша мүгедектігі бар адамдарды жетелеуші иттерден басқа) дүкендерге, қоғамдық тамақтану ұйымдарына, медициналық, мәдени, спорттық және жалпыға білім беру мекемелеріне (арнайы ұйымдастырылған шараларға барудан немесе иттермен, мысықтармен бірге баруға арналған мамандандырылған мекемелерге (ұйымдарға) барудан басқа) баруға;

4) жетектеп жүрген кәмелет жасындағы тұлғаларсыз 12 жастан кіші тұлғаларға, иттердің үш айға дейінгі күшіктерінен және иттердің декоративтік тұқымдарынан басқа, иттерді серуендетуге;

5) алкогольдік, есірткі мас күйіндегі адамдарға иттерді серуендетуге;

6) иттер мен мысықтарды жағажайларда серуендетуге, көпшілік шомылатын жерлерде, тоғандарда, бұрқақтарда, су айдындары мен бөгеттерде шомылдыруға және жуындыруға;

7) халық көп жиналатын орындарда және қоғамдық шаралар өткізілетін жерлерде адамдарды құтқаруға арналған тапсырманы орындау барысындағы, қылмыспен күрес және қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын, сондай-ақ көру қабілеттілігі бойынша мүгедектігі бар адамды жетелеуші иттерден басқа иттермен бірге болуға жол берілмейді.

#### **4. Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою**

11. Аулау мына мақсаттарда жүзеге асырылады:

- 1) адамдардың өмірі мен денсаулығына төнген қауіптің алдын алу;
- 2) жануарлар ауруларының және олардың салдарының алдын алу және болдырмау;
- 3) халықты адам мен жануарларға ортақ аурулардан сақтау;
- 4) қаңғыбас иттер мен мысықтардың санын реттеу.

Аулау тиісті аумақта тұрып жатқан тұлғалардың құқығы мен заңды мүдделерін сақтай отырып, адамгершілік қағидаттарын сақтай отырып ұйымдастырлады және жүргізіледі.

12. Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау, аулау кестесіне сәйкес, сонымен қатар қараусыз қалған иттер мен мысықтар көптеп жиналған жағдайда тиісті аумақтағы атқарушы органдардың өтінімі, азаматтардың, меншіктің барлық түріндегі ұйымдардың өтініштері бойынша Ұйым қызметкерлері жүзеге асырады.

13. Ұйым қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулайтын қызметкерлерді жекелеген қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етеді, оларға түсіндіру жұмысын жүргізеді, азаматтардың талаптары бойынша көрсететін қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау құқығының куәлігін береді.

14. Ұйым жануарларды аулау, оларды ұйықтату және тасымалдау бойынша қызметтерді жүзеге асыруға арналған жабдықтармен және құралдармен (іلمекті аулау құралдары және/немесе фармокологиялық дәрі-дәрмек салынған пневматикалық винтовкалармен) жасақталады.

15. Аулауға, иесі кәсіпорындар мен мекеменің жанында байлауда қалдырып кеткендерден басқа, қоғамдық орындарда иесіз жүрген, сондай-ақ адамның қарауынсыз қалған немесе жартылай еркін топ болып құрылған, адамның қадағалауынсыз көбеюге қабілетті иттер мен мысықтар жатады.

16. Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау жұмысына медициналық тексеруден өткен, құтыруға қарсы алдын алу екпелерін алған, психоневрология және наркология диспансерлерінің есебінде тұрмайтын тұлғалар жіберіледі.

17. Аулауды жүргізу кезінде Ұйым қызметкерлеріне жол берілмейді:

- 1) ауланған иттер мен мысықтарды иеленуге және оларды басқа тұлғаларға беруге;
- 2) жануарларды қимылсыз қалдыру үшін фармокологиялық дәрі-дәрмекпен оқталған пневматикалық қаруды 10 метрден астам қашықтықты қолдануға;
- 3) аулау кәмелет жасқа толмаған балалардың көзінше, қаңғырған иттер мен мысықтардың қылығы адамның өмірі мен денсаулығына қауіп төндірген жағдайдан басқа кезде;
- 4) адамдарға бағыттап атуға.
- 5) қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау күндізгі уақытта жүргізіледі.

18. Ауланған қаңғыбас иттер мен мысықтар олардың кімге тиесілі екендігі анықталғанша уақытша ұстауға арналған арнайыландырылған мекемеге жеткізіледі.

19. Қаңғырған иттер мен мысықтар адамдар мен жануарлардың өмірі мен денсаулығына нақты қауіп төндірген жағдайда (агрессиялық мінез-құлық және/немесе құтыру ауруы күдігі болғанда) оларды Ұйым кідірмей жояды.

20. Жануарларды тасымалдаған кезде олардың тамаққа және суға қажеттіліктері қанағаттандырылады, оған қоса олардың қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі.

21. Жануарларды тасымалдауға арналған көлік құралы арнайы құрал-жабдықтармен жабдықталады, оған қоса жануарларды арту мен түсіру кезінде жануарлардың жарақаттануын және /немесе өлуін болдырмайтын қондырғылар пайдаланылады.

22. Бір-бірімен табиғи байланыстағы немесе бір-біріне бейталап болып табылатын түрлерден басқа әртүрлі түрдегі жануарларды тасымалдау жеке-жеке жүргізіледі.

23. Өлген және әрі қарай тасымалдауға жарамсыз жануарлар кідіріссіз тірі жануарлардан бөлектендіріледі.

24. Уақытша ұстауға арналған арнайыландырылған мекемеде клиникалық тексеру, тіркеу жүргізіледі, арнайы журналдарға келесі мазмұндағы мәліметтер енгізіледі: жануардың түрі, жынысы, түсі, ерекше белгілері, айырмашылық белгілерінің болуы.

25. Ауланған қаңғыбас иттер мен мысықтар металл торларға орналастырылады.

26. Ауланған иттер мен мысықтарға қажетінше күтім жасау және оларды тамақтандыру жүзеге асырылады.

27. Екі ай ішінде ауланған қаңғыбас иттер мен мысықтардың иелерінен өтініш болмаған жағдайда олар өлтірілуге жатады.

28. Сұрауы жоқ қаңғыбас иттер мен мысықтар Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған препараттармен, дәрілік жолмен өлтіруге жатады.

29. Жануарларды өлтіру басқа жануарлар ұсталатын жайлардан бөлек орналасқан арнайыландырылған жайда жүргізіледі.

30. Иттер мен мысықтардың өлекселерін жою жануарларды өлекселерін көмуге арналған арнайы бөлінген жер учаскелерінде (мал қорымдары және/немесе биотермиялық шұңқыр) немесе жануарлар өлекселері мен биологиялық материалдарды күйдіруге арналған көшпелі және/немесе стационарлық қондырғыларда (инсенераторлар) жүзеге асырылады.

31. Иттер мен мысықтардың өлекселерін (қалдықтарын) елді мекендердің аумағына тастауға және оларды мал қорымдарынан тыс жерлерге рұқсатсыз көмуге рұқсат етілмейді.

## **5. Қорытынды ереже**

32. Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою бойынша іс-шараларды қаржыландыру жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады.

33. Осы Қағидаларды бұзғаны үшін иттер мер мысықтардың иелері "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексінің 408-бабына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК